ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 13 сәуір Іс № 3115-26-00-2/603 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
судья А.Д.Уразов оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен электрондық түрде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «RAU» Жамбул Рауан Эльбрусұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жамбыл облысы әкімдігінің жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «RAU» Рауан Эльбрусұлы Жамбулға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатусышы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «RAU» Жамбул Рауан Эльбрусұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «RAU» Рауан Эльбрусұлы Жамбулдан мемлекет пайдасына 16 000 (он алты мың) теңге тұрақсыздық айыбы өндіріліп алынсын.

Жеке кәсіпкер «RAU» Рауан Эльбрусұлы Жамбулдан мемлекет пайдасына 2 643 (екі мың алты жүз қырық үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндіріліп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге, осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Д.Уразов**

Құжатқа қол қойылған: Уразов А. Д., 13.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, Судья Уразов А. Д., 22.05.2026

3115-26-3-1/657